

ШАРТ

<сәйкестендіру нөмірі>

жұмыстарды сатып алу туралы

<жұмыстың атауы>

<тапсырыс беруші аймағы>

<шарт күні>

<тапсырыс берушінің толық атауы>, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <тапсырыс беруші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> атынан, бір жағынан және <жеткізушінің толық атауы>, <лицензия, рұқсат құжаты> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің резиденттік белгісі> болып табылатын, бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізуші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> атынан, екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталады, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылдың 27 тамыздағы №192 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 17-тармағының 2) тармақшасына және 134-тармағына сәйкес <хаттама бекітілген күн> баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен <жұмыстың атауы> жұмыстарын сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес мына төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасады.

<(Шартта төменде келтірілген түсініктер келесі ұғымдарды білдіреді:> (қажет болған жағдайда енгізіледі)

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тапсырыс беруші сатып алу порталында баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен _____ <жұмыстың атауы> (бұдан әрі - Жұмыс) сатып алуды өткізетіндігі туралы хабарландыру орналастырды және Жеткізушіден <ҚҚС сомасын қоспағанда> _____ теңге ___ тиын (_____ теңге ___ тиын) мөлшеріндегі сомаға баға ұсынысын қабылдады.

1.2. Жеткізуші Шартта көзделген мерзімде және талаптармен Жұмыстарды орындауға өзіне міндеттеме қабылдайды, ал Тапсырыс беруші орындалған Жұмыстарды Шарттың талаптарына сәйкес қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.3. Шартта төменде аталған ұғымдардың мынадай түсіндірмелері бар:

1) Шарт - Тапсырыс беруші мен Жеткізуші арасында Тапсырыс берушінің әрекетін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ функцияларын немесе жарғылық іс-әрекеттерін орындау үшін, жұмысты орындау туралы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жасалған азаматтық-құқықтық шарт.

2) Жұмыстар - Шарттың 1.1.-тармағында көрсетілген, заттық мәні бар әрекет, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңына сәйкес жұмысқа жататын басқа да іс-әрекет.

3) Материалдар - Жеткізуші Шарт бойынша Жұмысты орындау үшін қолданатын Жеткізуші өз

есебінен және өз күшімен сатып алатын және жеткізетін барлық қажетті шығыс материалдары, өнімдер.

1.4. Жұмыстар мына мекенжайда орындалады: Алматы қаласы, «3-Көктем» ш/а., 21-үй (бұдан әрі - Объект).

1.5. Жұмыс көлемі мен құрылыс құнының сметалық есебі Шартқа 1,2- Қосымшаларда көрсетілген.

1.6. Жеткізуші Жұмыстарды өз күші және құралдарымен меншікті материалдары мен құрал-жабдықтарын пайдалана отырып орындайды. Жұмыстар ҚР ҚН 2.04-05-2014 және ҚР ҚЕ 2.04-108-2014 «Оқшаулап және әрлеп жабу» талаптарына сәйкесуі тиіс.

2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ТӘРТІБІ

2.1. Шарттың жалпы сомасы *<ҚҚС қоса есептегенде>* _____ теңге __ тиын (___ теңге __ тиын) (егер Жеткізуші ҚҚС төлеушісі болса) (бұдан әрі - Шарттың Жалпы сомасы) құрайды, осы сомаға _____ теңге __ тиын (___ теңге __ тиын) мөлшеріндегі Жұмыс құны, *<және _____ теңге __ тиын (_____ теңге __ тиын) мөлшеріндегі ҚҚС сомасы (егер Жеткізуші Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылса, Шарттың Жалпы сомасынан Шарттың 2.6, 2.7, 2.8 және 2.9-тармақтарының ережелерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығы ұсталады)>* кіреді. Шарттың Жалпы сомасына сақтандыруды, салықтарды, баждарды және басқа да төлемдерді төлеуді қоса алғанда, Жеткізушінің Жұмыстарды орындауға байланысты барлық шығындары кіреді.

2.2. Шарт бойынша төлемді Тапсырыс беруші келесі тәртіпте Жеткізушінің банктік шотына ақша аудару арқылы жүргізеді:

Жеткізушіден электронды шот-фактураларды алған күннен бастап 10(он) операциялық күн ішінде тиісінше Жұмысты орындау фактісі бойынша және қос Тараптың уәкілетті өкілдері қол қойған белгіленген тәртіпте рәсімделген орындалған Жұмыс Актісі, №2в нысандағы орындалған Жұмыс Актісі (бұдан әрі - Актілер) негізінде.

2.3. Барлық салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді. Қазақстан Республикасының салықтарға, баждарға және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген бюджетке төленетін басқа да осы сияқты төлемдерге қатысты заңнамасы өзгерген жағдайда, Тараптар қосымша келісімге қол қою арқылы Шартқа тиісті өзгертулер енгізуге міндеттенеді.

2.4. Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлемдерді Шарт бойынша төлем жүргізілген күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша _____ (валюта түрі) жүргізеді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.5. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасына Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзіне табыс салығы салынуы тиіс (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.6. Егер Жеткізуші кірістің түпкілікті алушысы және халықаралық шарт жасалған елдің резиденті болса, Тапсырыс беруші Шарттың Жалпы сомасын төлеген кезде тиісті халықаралық шартында көзделген салық салудан босатуды немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін өз бетінше қолдануға құқылы (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.7. Халықаралық шарттың ережелерін қолдану тәртібі Жеткізушінің Қазақстан Республикасындағы қаражат көздерінен алынатын табыстарына қатысты қолданылады (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.8. Халықаралық шартты салық салудан босату немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін пайдалану бөлігінде қолдануға Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарт бойынша соманы төлеу күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарына сәйкес келетін резиденттігін растайтын құжатты және бейрезидент заңды тұлғаның құрылтайшыларын (қатысушыларын) және мажоритарлық акционерлерін көрсете отырып, құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелерін не сауда тізілімінен (бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген акционерлердің тізілімінен немесе өзге де ұқсас құжаттан) үзінді көшірмені табыс еткен жағдайда ғана рұқсат етіледі (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.9. Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрылған жағдайда, Жеткізуші бейрезиденттің Қазақстан Республикасының салық органында салық төлеуші ретінде тіркелгенін растайтын құжатты ұсынған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығын ұстамастан табыс сомасын төлейді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.10. Факсимильдік байланыс арқылы және/немесе өзге тәсілмен алынған құжаттардың заңды күші бар және оларды кейіннен келесі <цифрмен> <(жазбаша)> <күнтізбелік/жұмыс (керегін таңдап алу)> күн (Тапсырыс берушінің қаласынан тыс жердегі жеткізушілер үшін) ішінде түпнұсқаға ауыстыра отырып Тапсырыс беруші қабылдайды.

2.11. Электронды шот-фактуралар мен Актілер тиісті түрде рәсімделмей берілген кезде, оның ішінде дұрыс емес деректемелер көрсетілсе, Тапсырыс беруші оларды төлеместен қайтарып береді және Тапсырыс берушінің төлем бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі бұрынғы анықталған кемшіліктер мен дәлсіздіктер жойылған электронды шот-фактуралар мен Актілерді берген сәттен бастап есептеледі. Бұл жағдайда Жеткізуші Тапсырыс берушіге уақтылы ақы төлемегені үшін қандай да бір айыппұл санкцияларын салуға құқы жоқ.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

3.1. Тапсырыс беруші:

1) Жеткізуші орындаған Жұмыстарды <Жұмыстың орындалу фактісін растайтын және Шарт бойынша төлемді жүзеге асыру үшін негіз болып табылатын құжаттың атауы> негізінде қабылдауға;

2) Жеткізушінің Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін тартқан мамандарына Шарттың 4.2. тармағында көрсетілген Жұмыстарды жүргізу орнына кіруіне рұқсатты қамтамасыз етуге;

3) Орындалған Жұмыстар үшін төлемді Шарттың талаптарына сәйкес жүргізуге міндеттенеді.

4) қажеттілігіне қарай, Шарт бойынша Жұмысты орындау үшін Объектіні дайындауға (үй-жайды босатуға). Егер Объектінің бөлігі Жұмыс орындауды бастағанға дейін берілмесе және осы себепті Жұмысты орындау кешіктірілсе, онда Жұмысты аяқтау мерзімі Объектінің беруді кешіктірген мерзімге ұзартылады.

5) Жеткізушіге Материалдарды қоюға арналған үй-жай беруге;

6) Жеткізуші қызметкерлерін рұқсатпен кіру және ішкіобъектілік режим бойынша нұсқаулықтан өткізуге міндеттенеді.

3.2. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізушіден Шартта белгіленген толық көлемде және мерзімде Жұмыстардың тиісті түрде орындалуын талап етуге;
- 2) Жұмыстарды орындау барысын және оның сапасын бақылайтын уәкілетті жауапты адамдарды тағайындауға;
- 3) қажет болған жағдайда Жеткізушіден Шарт бойынша Жұмыстарды орындау барысы туралы ақпаратты сұратуға;
- 4) орындалған Жұмыстарды қабылдау-өткізу барысында және(немесе) кепілдік мерзімі кезеңінде орындалған Жұмыстардан/Материалдардан кемшіліктер, ескертулер, сәйкессіздіктер, шала істелгендер (оның ішінде жасырыны бар) (бұдан әрі - ақаулар) анықталған жағдайда, Шартта белгіленген мерзімде оларды жоюды талап етуге немесе Жеткізушіге жазбаша хабарлама жібере отырып, орындалған Жұмыстарды ішінара немесе толықтай қабылдаудан бас тартуға және Актілерге қол қоймауға;
- 5) Шарттың 3.3-тармағының 7) тармақшасына сәйкес Жеткізушіден хабарлама алғаннан кейін жағдайды өз ұйғарымы бойынша бағалауға, Жеткізушінің кінәсінен туындамаған объективті себептер болған жағдайда Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін ұзартуға;
- 6) Шарттың осы тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайда, Жеткізушіден растау құжаттарын талап етуге;
- 7) Шартты кез келген кезеңде Шартта көзделген жағдайларда және тәртіпте біржақты тәртіппен бұзуға **құқылы**.
- 8) Жеткізушіден Материалдар мен олардың сапасын куәландыратын құжаттарды (техникалық төлқұжаттар, сертификаттар, зертханалық сынақ нәтижелері және т.б.) алдын ала келісуге беруін талап етуге;
- 9) орындалған Жұмыстар сапасы мен көлемінің толықтығын тексергеннен кейін ғана орындалған Жұмыстарды қабылдауды жүзеге асыруға;
- 10) Жұмыстардың (Материалдардың) түрлерінің бірін Шартта көзделмеген басқасына ауыстыру қажет болған жағдайда, Шарттың Жалпы сомасы шегінде олар бойынша келісу және орындау үшін Жеткізушіге бұл туралы уақтылы жазбаша хабарлауға;
- 11) Кепілдік мерзімі кезінде анықталған Ақаулар салдарынан Тапсырыс беруші мүлкіне келтірілген зиянды Жеткізушіден өтеп беруін талап етуге;
- 12) Жеткізушіден Жұмысты сапалы орындауын және Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарына, санитарлық-гигиеналық қағидалар мен нормаларға, мемлекеттік стандарттарға сәйкесетін, талаптарға, нормалар мен қағидаларға жауап беретін Материалдарды, қауіпсіздік техникасы бойынша нормаларды, өрт қауіпсіздігі қағидаларын сақтауын және Жұмыстарды орындау кезінде Тапсырыс беруші мүлкіне мұқият болуды талап етуге құқылы.

3.3. Жеткізуші:

- 1) Жұмыстарды Шартта көзделген мерзімде және талаптармен толық көлемде орындауға;
- 2) Тапсырыс берушіге Жұмыстың орындалу барысы туралы дәйекті ақпаратты және құжаттарды ұсынуға;
- 3) орындалған Жұмыстарды Актілер негізінде өткізуге;
- 4) Тапсырыс беруші орындалған Жұмыстардан/материалдардан ақаулар (оның ішінде

жасырыны бар) анықтаған жағдайда, оларды Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап 5(бес) жұмыс күні ішінде, ал кепілдік мерзімі кезеңінде оларды Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап 5(бес) жұмыс күні ішінде өз есебінен жоюға;

5) Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан, Тапсырыс берушіден алынған конфиденциалды ақпаратты жарияламауға және оны құпия сақтауға;

6) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына немесе тиісті түрде орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

7) егер Шартты орындау кезеңінде Жеткізуші кез келген кезде Шартты уақытында орындауға кедергі келтіретін жағдайларға тап болса, Жеткізуші Тапсырыс берушіге кешіктіру фактісі, оның болжанатын ұзақтығы мен себебі (себептері) туралы дереу жазбаша хабарлама жіберуге тиіс;

8) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Шарт бойынша өз міндеттемелерін толығымен және ішінара басқа біреуге бермеуге;

9) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға **міндеттенеді** .

10) қос Тарап Шартқа қол қойған сәттен бастап 3(үш) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге локальді және ресурстық сметаны қамтитын құрылыс құнының сметалық есебін (Шартқа 2-Қосымша) беруге;

11) Жұмысты жоғары білікті мамандармен орындауды қамтамасыз етуге;

12) Жұмыстарды орындау кезінде қауіпсіздік техникасы мен өрт қауіпсіздігі бойынша қажетті шараларды орындауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ Тапсырыс берушінің құрал-жабдықтары мен мүліктеріне мұқият болуды қамтамасыз етуге; орындалатын Жұмыстың құралдары, әдістері, техникасы, реттілігі және сапасына толық жауапты болуға және бақылауды жүзеге асыруға;

13) Тапсырыс берушіге Материалдар мен олардың сапасын куәландыратын құжаттарды (техникалық төлқұжаттар, сертификаттар, зертханалық сынақ нәтижелері және т.б.) алдын ала қарауға беруге, сондай-ақ оларды Тапсырыс берушімен келіскеннен кейін ғана Жұмыста қолдануға;

14) Жұмыстарды орындау кезінде санитарлық-гигиеналық, экологиялық, өртке қауіпсіз және басқа да халықаралық (қазақстандық) стандарттарға, талаптарға, нормалар мен қағидаларға жауап беретін меншікті құрал-жабдықтары мен жаңа жоғары сапалы Материалдарды пайдалануға;

15) Жұмыстардың (Материалдардың) түрлерінің бірін Шартта көзделмеген басқасына ауыстыру қажет болған жағдайда, Шарттың Жалпы сомасы шегінде олар бойынша келісу және орындау үшін Тапсырыс берушіге бұл туралы уақтылы жазбаша хабарлауға;

16) Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде құрал-жабдықтардың, Материалдардың және Тапсырыс беруші мүлкінің оқыстан құруы (жоғалуы, бүлінуі) тәуекелін көтеруге;

17) Кепілдік мерзімі кезінде анықталған Ақаулар салдарынан Тапсырыс беруші мүлкіне келтірілген зиянды Тапсырыс берушіге өтеп беруге;

18) Шарт бойынша Жұмысты орындау уақытында Жеткізуші кінәсінен зиян келтіру немесе тәртіп бұзуға жол беру нәтижесінде Тапсырыс берушіде туындаған үшінші тұлғалармен (талаптар, сын-пікірлер) даулы мәселелерді Тапсырыс берушіні қатыстырмай өздігінен өз қаражаты есебінен шешуге;

19) Егер Тапсырыс беруші себептерін көрсете отырып, Жеткізуші қызметкері болып табылатын

тұлғаны Объектіде Жұмысты орындаудан шеттетуді өтінсе, бұл тұлғаны Объектіден 24 (жиырма төрт) сағат ішінде кетіруге; Бұдан кейін Шартта көзделген Жұмысты орындауға іске тартылмауы тиіс.

20) Объекті аумағын таза ұстауға, өздігінен өз есебінен Объектіні барлық құрылыс қоқыстарынан тазартуға;

21) Шарт бойынша міндеттемелерін, оның ішінде ақауларды жою бойынша, орындамағаны немесе тиісінше орындамағанына байланысты шығыстарын өздігінен көтеруге;

22) Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актіге қол қойған күннен бастап 12 (он екі) ай ішінде кепіл міндеттемелерін орындамағаны үшін өзінің (Жеткізуші) жауаптылығы туралы жазбаша хабарлама беру арқылы орындалған Жұмыстар сапасына кепілдік беруге;

23) қос Тараптың уәкілетті өкілдері Шартқа қол қойған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қызмет түрін жүзеге асыратын рұқсат беру құжаттарын (егер қызмет міндетті лицензиялауға жататын болса, жұмысты орындау құқығына лицензияның немесе электрондық құжаттың қағаз көшірмесі түріндегі лицензияның нотариат куәландырылған көшірмесін) беруге;

24) Объектіге кіру рұқсатын қамтамасыз ету мақсатында Тараптар Шартқа қол қойған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге қызметкерлердің жеке мәліметтерін көрсете отырып, олардың тізімін беруге міндеттенеді.

3.4. Жеткізуші:

1) Жұмыстарды орындаған кезде қосалқы мердігерлерді тартуға құқылы. Бұл ретте Жеткізушінің қосалқы мердігерлерге жалпы Жұмыс көлемінен үштен екі бөлігінен асатын Жұмыс көлемін беруге рұқсат етілмейді;

2) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін қажет ақпаратты жазбаша түрде сұратуға;

3) Шарттың талаптарына сәйкес орындалған Жұмыстар үшін төлем алуға **құқылы**.

4) Жұмысты орындау кезінде Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімімен қосалқы мердігерлерді іске тартуға.

4. ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУ МЕРЗІМІ, ОРНЫ ЖӘНЕ ТАЛАПТАРЫ

4.1. Жұмыстарды орындау мерзімі - Шарт күшіне енген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күнді құрайды.

4.2. Жеткізуші Жұмыстарды келесі мекенжай бойынша орындайды: Алматы қаласы; 3-Көктем ш/а., 21-үй.

4.3. Тапсырыс беруші өз қалауымен Жұмыс орындау мерзімін, егер форс-мажорлық жағдайлар орын алса, сондай-ақ Шарттың 3.3.-тармағы 7)-тармақшасында көзделген жағдайда немесе Жұмыс барысында қосымша еңбек шығындарын талап ететін жасырын ақаулар анықталған жағдайда ұзартады. Бұл жағдайда Жеткізуші Тапсырыс берушіні көрсетілген жағдайлардың бірінің болғаны туралы жазбаша хабарландыруы тиіс.

4.4. Жұмыстың орындалған күні болып Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актілерге қол қойған күн саналады.

4.5. Жеткізуші Шартта көзделген Жұмысты орындағаннан кейін Тапсырыс берушіні бұл туралы жазбаша хабарландырады және Актілерді қол қою үшін жібереді.

4.6. Тапсырыс берушіде Жеткізушімен орындалған Жұмыстар бойынша ескертулер мен келіспеушіліктер болмаған жағдайда, Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актілерге қол қояды.

4.7. Тапсырыс берушінің орындалған Жұмыстар бойынша ескертулері немесе келіспеушіліктері болған жағдайда, орындалған Жұмыстарды қабылдаудан жазбаша түрде дәлелдемелі бас тарту жібереді, ал Жеткізуші Тапсырыс берушінің бұл туралы хабарлаған күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде көрсетілген ақауларды жоюға міндетті. Бар келіспеушіліктер жойылғаннан кейін Тараптардың уәкілетті өкілдері Актілерге қол қояды.

5 . КЕПІЛДІКТЕР

5.1. Жеткізуші Шарт шеңберінде орындалған Жұмыстар Техникалық ерекше нұсқамада көрсетілген талаптарға сәйкес келетініне кепілдік береді.

5.2. Кепілдік мерзімі кезеңінде Орындалған Жұмыстардан ақаулар анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге анықталған ақаулар туралы жазбаша түрде оларды тапқан күннен бастап 5(бес) жұмыс күні ішінде хабарландырады, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап 5(бес) жұмыс күні ішінде өз есебінен анықталған ақауларды жоюға міндеттенеді.

5.3. Орындалған Жұмыстарға кепілдік мерзімі Тараптар Актілерге қол қойған күннен бастап 12 (он екі) айды құрайды.

5.4. Жеткізушіде анықталған ақауларды Шартта белгілеген мерзімде жоюға мүмкіндік болмаған/жоюдан бас тартқан жағдайда, Тапсырушы Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

6.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

6.2. Төтенше жағдайларды қоспағанда, Жеткізуші Шартта көзделген міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші өзінің басқа құқықтарына нұқсан келтірместен, Шарт аясында Жеткізушіден тұрақсыздық айыбын өндіріп алады, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіге мынаны:

- 1) Шарттың 4.1.-тармағында көзделген мерзімді бұзған жағдайда, Жұмысты орындау күнін қоса алғанда, әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасының (Шарттың жалпы сомасы 100 АЕК-ке дейін болғанда - кемінде 1 %, Шарттың жалпы сомасы 100 АЕК-тан жоғары болса - кемінде 0,5%), бірақ Шарттың жалпы сомасының 5% (бес пайызынан) артық емес мөлшерінде өсімпұл;
- 2) орындалған Жұмыстардағы ақауларды жою мерзімін бұзған жағдайда, оның ішінде кепілдік мерзімі ішінде - ақауларды жою күнін қоса алғанда, әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,5 %-ы (нөл бүтін оннан бес пайызы) мөлшерінде өсімпұл, бірақ Шарттың жалпы сомасының 5% (бес пайызынан) артық емес;

6.3. Орындалған Жұмыстардан ақауларды жою мүмкін болмаған/оларды жоюдан бас тартылған жағдайда:

- орындалған Жұмыстарды қабылдау-өткізу барысында Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасының 10 %-ы (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлеуге міндеттенеді;
- кепілдік мерзімі кезеңінде, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасының 10 %-ы (он пайызы) айыппұл төлеуге міндеттенеді және Тапсырыс беруші Шарт бойынша төлеген Шарт бойынша орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған міндеттемелерге тең соманы

қайтарады.

6.4. Тараптар Шарттың 7-бөлімін бұзған жағдайда, конфиденциалды ақпаратты жария еткен Тарап екінші Тарапқа Шарттың Жалпы сомасының 10% (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді. Мұндайда Тапсырыс беруші Жеткізушіден Тапсырыс берушіден алған конфиденциалды ақпараттарды жариялағаны салдарынан келтірілген шығынды өтеуді талап етуге құқылы.

6.5. Шарт бойынша төлем мерзімі бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлем күнін қоса алғанда, кешіктірілген әрбір жұмыс күні үшін төленуге тиіс сомадан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың Жалпы сомасынан 5% (бес пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.6. Тапсырыс беруші бастамасымен Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны салдарынан біржақты тәртіпте Шарт бұзылған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың Жалпы сомасының 10%-ы (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді.

6.7. Шарттың 3.3. тармағының 2) тармақшасына сәйкес Жеткізуші Жұмыстардың орындалу барысы туралы жазбаша түрде дәйексіз ақпаратты ұсынған фактісі анықталған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың Жалпы сомасынан 1% (бір пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте Жеткізуші дереу Жұмыстардың орындалу барысы туралы дәйекеті ақпаратты ұсынады.

6.8. Жеткізуші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші төлем жасаған кезде Жеткізушінің келісімінсіз тұрақсыздық айыбы (өсімпұл, айыппұл) сомасын дербес түрде ұстап қалуға құқылы.

6.9. Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.10. Жеткізушінің Шарт бойынша міндеттемелерін бұзғаны, оның ішінде кепілдік мерзімі кезеңінде бұзғаны үшін Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу мерзімі Тапсырыс берушіден тиісті хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

6.11. Егер Тапсырыс беруші Жеткізушінің кінәсінен емес (Жеткізушінің шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы) Шартты бұзудың бастамашысы болса, Жеткізуші Шартты бұзу күніне Шарт бойынша бұзуға байланысты нақты шығындар үшін ғана төлемді талап етуге құқылы.

7. КОНФИДЕНЦИАЛДЫЛЫҚ

7.1. Тараптар тұтастай алғанда Шарт талаптарын және ұсынатын Тарап конфиденциалды ретінде белгілеген барлық ақпаратты басқа Тарап аталған ақпаратты ұсынған Тараптың жазбаша рұқсатынсыз ешқандай үшінші тарапқа жария етпейтінін мойындайды, оған мына жағдайлар:

1) Жеткізушінің Шартты орындау үшін тартқан қызметкерлерге ұсынуы қосылмайды. Көрсетілген ақпарат осы қызметкерлерге конфиденциалды және шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажет көлемде ғана берілуге тиіс;

2) егер мұндай жария ету заңнамада ұйғарылатын немесе оған уәкілетті мемлекеттік

органдардың ресми сұратуы негізінде жүзеге асырылатын жағдайлар қосылмайды.

7.2. Жеткізуші Шартты іске асыру мақсаттарынан басқа, жоғарыда аталған қандайда бір құжаттарды немесе ақпаратты Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз пайдаланбайды.

7.3. Конфиденциалды ақпарат жария етілген жағдайда, Тараптар Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

8. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ (ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ)

8.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін, егер ол Тараптар күні бұрын болжай алмаған және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен дүлей күштің: су тасқыны, жер сілкінісі және басқа табиғат апаттар, экологиялық апат, әскери іс-әрекеттер, террорлық актілер, азамат соғысы, халық толқулары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер басталуы, Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінің қабылдануы салдарынан болса, онда Тараптар жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күштің әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдайлардың болуы кезеңіне ұзартылады.

8.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі жоқ Тарап, басқа Тарапқа Шарттың 8.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың себептерін көрсете отырып, олардың басталғаны және тоқтағаны туралы жазбаша түрде дереу хабарлайды, сондай-ақ ол тиісті уәкілетті органның растайтын құжатын ұсынады. Жалпыға мәлім фактілер, дәлелді талап етпейді. Бұл ретте Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы, осыдан кейін бірде-бір Тарап басқа Тараптан қандай да бір шығынды өтеуді талап етуге құқығы жоқ.

8.3. Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулар келіп түспесе, Жеткізуші Шарт бойынша міндеттемелерін орындауды ол қаншалықты орынды екеніне қарай жалғастырады және Шартты орындаудың көрсетілген міндеттемелерге қатысты емес балама тәсілдерін іздестіреді.

9. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

9.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды соттан тыс тәртіпте реттеу үшін барлық қажетті шаралар қабылдауға тиіс.

9.2. Тараптар келісімге келмеген жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде қаралады.

9.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі және даулар туындаған жағдайда, олар Тапсырыс берушінің орналасқан орны бойынша Қазақстан Республикасының соттарында қаралады.

10. ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ

10.1. Орналасқан орны және/немесе деректемелері өзгерген жағдайда, Тарап басқа Тарапқа тиісті шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарлайды.

10.2. Шарттың 10.1-тармағында көрсетілген өзгерістерді қоспағанда, Шартқа барлық

өзгерістер қосымша келісіммен ресімделіп, оған Тараптар қол қояды.

10.3. Тапсырыс беруші мына:

- 1) Тапсырыс беруші Қағидалардың 14-тармағына сәйкес сатып алудан бас тартқан;
- 2) Жеткізуші ұсынған мәліметтерден дәйексіз ақпарат анықталған;
- 3) сатып алу қорытындысына әсер еткен сатып алу Қағидаларын және (немесе) талаптарын бұзу анықталған;
- 4) Тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) Жеткізушіге Қағидаларда көзделмеген жәрдем көрсеткен;
- 5) егер Жеткізуші банкрот немесе төлемге қабілетсіз болған, сондай-ақ тиісті сот процесіне тартылған жағдайда, Шартты кез келген сатыда біржақты тәртіпте бұзуға құқылы. Мұндай жағдайда бұзу дереу жүзеге асырылады және Тапсырыс беруші Жеткізушіге қатысты ешқандай қаржылық жауапкершілік атқармайды;
- 6) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Шартты кез келген сатыда біржақты тәртіпте бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады;
- 7) Шартты одан әрі орындау мақсатқа лайықты болмаған жағдайда, кез келген сатыда біржақты тәртіпте Шартты бұзуға құқылы.

10.4. Шарт біржақты тәртіпте бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шартты болжанатын бұзу күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Шарттың бұзылуы туралы жазбаша хабарлама жібереді, осы мерзім өткеннен кейін Шарт бұзылды деп саналады. Хабарламада Шартты бұзу себебі, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күні көрсетілуге тиіс.

11. ШАРТТЫҢ КҮШІНЕ ЕНУ ТАЛАБЫ

11.1. Шарт Тараптар оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар ол бойынша өз міндеттемелерін, оның ішінде кепілдік, толық орындағанға дейін қолданылады.

12. ШАРТ ТІЛІ

12.1. Шарт заңды күші бірдей мемлекеттік тілде және орыс тілде электрондық түрде жасалды.

13. ӨЗГЕ ТАЛАПТАР

13.1. Шартқа қосымша (қосымшалар) Шарттың ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылады.

13.2. Тараптардың біреуі қайта ұйымдастырылған жағдайда, Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері тоқтатылмайды және Тараптардың құқықтық мирасқорларына өтеді.

14. ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ОРНЫ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Тапсырыс беруші:

Жеткізуші:

<Тапсырыс берушінің толық атауы>

<Тапсырыс беруші орналасқан орынның заңды мекен-жайы>

<Тапсырыс беруші орналасқан орынның нақты мекен-жайы>

<Тапсырыс берушінің ЖСК>

<банк атауы>

<Тапсырыс берушінің БСН>

<Тапсырыс берушінің БСК>

<Тапсырыс берушінің БЕК>

Тапсырыс беруші атынан

_____ <қол қоюшының аты-жөні>

М.О. (қолы)

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК - банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН - төлеушінің есептік нөмірі;

ҚҚС - қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. - аты-жөні.

<Жеткізушінің толық атауы>

<Жеткізуші орналасқан орынның заңды мекен-жайы>

<Жеткізуші орналасқан орынның нақты мекен-жайы>

<Жеткізушінің ЖСК>

<банк атауы>

<Жеткізушінің БСН>

<Жеткізушінің БСК>

<Жеткізушінің БЕК>

Жеткізуші атынан

_____ <қол қоюшының аты-жөні>

М.О. (қолы)

ДОГОВОР

<идентификационный номер>

о закупках работ

<наименование работ>

<регион заказчика>

<дата договора>

<полное наименование заказчика>, именуемое (-ый, -ая) в дальнейшем «Заказчик», в лице <должность и ФИО подписанта заказчика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с одной стороны, и <полное наименование поставщика>, являющееся (-ийся) <признак резидентства поставщика>, действующее (-ий) на основании <лицензия, разрешительный документ>, именуемое (-ый) в дальнейшем «Поставщик», в лице <должность и ФИО подписанта поставщика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», в соответствии с подпунктом 2) пункта 17 и пунктом 134 Правил приобретения товаров, работ и услуг Национальным Банком Республики Казахстан, его ведомствами, организациями, входящими в его структуру, и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежат Национальному Банку Республики Казахстан или находятся в его доверительном управлении, и аффилированными с ними юридическими лицами, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 августа 2018 года №192 (далее - Правила), и протоколом об итогах закупок работ <наименование работ> способом запроса ценовых предложений <дата утверждения протокола>, заключили настоящий договор (далее - Договор) о нижеследующем.

<(В Договоре ниже перечисленные понятия имеют следующее толкование:> (включается при необходимости)

1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

1.1. Заказчик на портале закупок _____ разместил объявление о проведении закупок работ <наименование работ> (далее - Работы) способом запроса ценовых предложений и принял ценовое предложение Поставщика на сумму _____ тенге ___ тиын (_____ тенге ___ тиын), <без учета суммы НДС>.

